

Мемлекеттік жоғары оқу орындарын кейін жекешелендірумен жалға беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 2 шілдедегі N 1047а

"Қазақстан Республикасында 1996-1998 жылдарға арналған мемлекеттік меншікті жекешелендіру мен қайта құрылымдаудың бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 ақпандағы N 246 қаулысын Р960246_ орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1.

<*>

2.

<*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.08.07. N 1236

қаулысымен.

Р971236_

ЕСКЕРТУ. 1,2-тармақтар күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1999.08.18.

N 1192 қаулысымен.

Р991192_

3. "Жекешелендіру мен қайта құрылымдаудың секторлық бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 14 қаңтардағы N 65 қаулысына

Р970065_

мынадай өзгеріс енгізілсін:

"Алматы технологиялық институты" деген 9-қосымшаның қырық алтыншы тармақшасы алынып тасталсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 2 шілдедегі

N 1047а қаулысына

қосымша

Жоғары оқу орындарын мүліктік жалға берудің
шарттары

Жалдаушыға қойылатын міндетті шаралар мыналар болып табылады:

1. Қызметтің негізгі түрі ретінде саланы сақтау.
2. Жоғары оқу орнын бірыңғай кешен ретінде жалға беру.

3. Қызметкерлерді жалға берушінің бастамашылығы бойынша жұмыстан босату қолданылып жүрген еңбек заңдарына сәйкес жүргізіледі.

4. Мемлекеттік тапсырыс бойынша қабылданған өтуші студенттер контингентін оқытуды мемлекеттік жоғары оқу орындары үшін көзделген бюджет қаражаты есебінен аяқтау.

5. Жоғары оқу орнының 1997 жылғы 15 маусымдағы жай-күйі бойынша барлық берешек сомаларын өтеу.

6. Жалдық төлем мөлшерлерін немесе бонусты айқындау әр объектіге жеке-жеке, материалдық емес активтердің құнын ескере отырып жүргізіледі.

7. Комиссияның шешімі бойынша басқа шарттар.